Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	<p>Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар. "Жабайы жидектер".</p> <p>Міндеттері. Жабайы жидектердің пайдасы мен зияны туралы түсініктерін пысықтау.</p>	<p>«Пішінді құрастыр» жаттығуы. Міндеттері. Түстер мен пішіндер арқылы құрастырып үйрету. Есте сақтау, көру, ажырату қабілеттерін дамыту. (математика негіздері, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі***, қоршаған әлеммен таныстыру)</p> <p>Вариативті компонент. «Қызықты математика»</p>	<p>Дидактикалық ойын «Тап та, атын ата».</p> <p>Міндеттері. Түсті қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі***, қоршаған әлеммен таныстыру)</p>	<p>Вариативті компонент. «Бала тілін дамыту» «Отбасы» Саусақ жаттығуы «Күнге ұқсаймыз» Отбасы мүшелері туралы түсініктерін кеңейту. Отбасы тақырыбына сурет бойынша әңгіме құрауға, отбасы мүшелерін ажырата білуге,</p>	<p>Қаржылық сауаттылық «Қателеспе» дидактикалық ойын</p> <p>Міндеттері. балалардың азық-түлік өнімдерін сатып алу реті туралы білімдерін кеңейту; бір сюжетпен байланысты әрекеттердің заңды тізбегін</p>

		«Не қайда тұрады?» Міндеті. Ойын арқылы балалардың тілін, ой-өрісін дамыту		оларды құрметтеуге, сыйлауға тәрбиелеу. Өз отбасымен байланыстыра отырып, ондағы өз орнын білуді үйретіп, сөздік қорын дамыту	анықтай білуін қалыптастыру. Материал: сюжетті суреттер. Барысы: балаға сюжеттік суреттер ұсынылады, соған сәйкес реттілікті сақтай отырып, әңгіме құрастыру қажет.
Балалармен жеке жұмыс	Бабырмен «Сөзді аяқта» дидактикалық ойыны. Міндеттері. Сөйлеу тілін дамыту. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі***, қоршаған әлеммен таныстыру)	Арманмен Саусақ жаттығуы. Шынжыр. Оң және сол қолдағы басбармақпен балаң үйрек саусақтары түйісіп, жүзіктер секілді айқасып, шынжыр жасайды. (тіл дамыту және көркем әдебиет)	Омармен «Мозаика». ойыны Міндеттер: балаларға әртүрлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, (математика негіздері, қоршаған әлеммен таныстыру)	Аминамен Көркемсөзді мәнерлеп айту (жаттау) жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) Міндеттер. Тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру;	Айбармен Геометриялық фигуралармен жұмысты жалғастыру Міндеттері. Геометриялық фигуралар туралы түсініктерін қалыптастыру. (математика негіздері, құрастыру, жапсыру, сурет салу, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі***, қоршаған әлеммен таныстыру)
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түске дейінгі бақылауды жалғастыру				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, колдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. «Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.				
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				

<p>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)</p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту.(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі***) Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка****) Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Міндеттер. Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру) Міндеттер. Құрылыс материалдарынан, «лег» конструкторлардан құрастыру.</p>				
<p>Балалардың үйге қайтуы</p>	<p>Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру».</p>	<p>«Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыбында әңгіме жүргізу.</p>	<p>«Менің достарым» атты тақырыпта көрме ұйымдастыру.</p>	<p>«Балабақша ережелері» тақырыбында әңгіме жүргізу.</p>	<p>Ата-аналардан сауалнама алу.</p>

Тәрбиеші: Жақыпова А Сексембаева А

Әдіскер:  Серикбаева Г.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Мектепке дейінгі ұйым: № 4 «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы

Топ: ересек «Айгөлек» топ

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Қандай кезеңге жасалды: 22.09 - 26.09.2025ж.

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Апта дәйексөзі: Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді. (Леонардо да Винчи)					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (тіл дамыту және көркем әдебиет)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен баласының денсаулығы туралы жеке әңгімелесу	Баланың үйдегі мінез – құлқы жайлы әңгімелесу	Медбикеден кеңес. «Тазалық – денсаулық кепілі».	Балалардың денсаулықтары жайында әңгімелесу.	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	<p>«Өнегелі тәрбие»</p> <p>Еңбек: "Ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындаймыз".</p> <p>Міндеттері. Тапсырылған іске жауапкершілік сезімдерін дамыту, балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды тиянақты жинауға дағдыландыру; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру.</p> <p>«Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы.</p> <p>Міндеттер: Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка****)</p> <p>Отбасы жайлы мақалдар-мәтелдер жаттау. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)</p> <p>Міндеттер: балаларды шешендікке, сөз өнеріне, отбасындағы үлкендерді сыйлауға, отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу, құрмет көрсету қағидаларына, әдептілікке тәрбиелеу.</p>				
Ертеңгілік жаттығу	Кешен № 2				
Таңғы ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.</p> <p>«Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.</p> <p>Ас - адамның арқауы. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				


Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	"Аналар мектебі": Балалар кітапханасы: Отан туралы: қазақстандық ақындардың Отан туралы өлеңдерін оқу; туған өлке туралы фото суреттер альбомын даярлау. "Күй күмбірі": "Көктөбе" (Қаршыға Ахмедияров) «Өнегелі»: Туған өлке және дәстүрлер. Тақырыбы: «Менің туған өлкем». Міндеті: өз өлкесіне, оның дәстүрлері мен мәдениетіне деген сүйіспеншілік пен қызығушылықты дамыту.				
	Туған жерлері туралы әңгімелесу (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі***, қоршаған әлеммен таныстыру)	Дамытушылық ойын. "Не істейтінімізді айтпаймыз, не істейтінімізді көрсетеміз". (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі***, қоршаған әлеммен таныстыру)	«Санамақ» жаттату (тіл дамыту және көркем әдебиет)	«Не артық?» ойыны	Қалалар туралы әңгімелесу. (тіл дамыту және көркем әдебиет)
Кестеге сәйкес ҮІӨ	Музыка "Күздің ғажайып құбылыстары". Міндеттері. Балаларға әнді тыңдай отырып, мағынасын түсінуді және ырғақты айыруды үйрету	Дене тәрбиесі "Бөренемен төрттағандап жүру". Міндеттері. Балаларға бірінің артынан бірі қатармен жүруді жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; сапта тұрып, тізені жоғары көтеріп адымдауды үйрету. Қазақ тілі "Қазақстан - менің Отаным. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері". Міндеттері. Балалардың Қазақстанның Мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Отан туралы түсініктерін дамыту;	Дене тәрбиесі "Кедергіден өту амалдары". Міндеттері. Балаларға бір орында тұрып секіру; допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алуды (1,5 м қашықтықта) үйрету.	Музыка "Күн дидарлы Қазақстан". Міндеттері. Балалардың ән айтуға қызығушылықтарын арттыру; баяу және көңілді әндерді ажырата білуге үйрету.	Дене тәрбиесі "Кедергілерден өту ойындары". Міндеттері. Балаларға тізені жоғары көтеріп жүгіруді үйрету.
	Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар. (дене тәрбиесі**, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)	Жапсырудан ойын-жаттығулар. "Көк тудың желбірегені". Міндеттері. Балаларды көк түсті қағаз бетіне қыран	Математика негіздерінен ойын-жаттығулар. "Менің көшемде не бар?" Міндеттері. Балалардың екі және үш сандары жөніндегі	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар. "Ормандағы оқиға". Міндеттері. Балаларды ормандағы оқиға желісінің	Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар. "Менің өлкем". Міндеттері. Балаларды

	<p>"Астанаға саяхат". Міндеттері. Балаларды Астана қаласының әсем ғимараттарымен таныстыра отырып, қала туралы әңгімелеп беруді үйрету. Вариативті компонент. Математика негіздері "Үш марғау" Міндеттер: балаларды 3 санының жасалуымен және 3 цифрымен таныстыру; бірнеше заттар тобын салыстыра білуге үйрету.</p>	және күннің кимаұлгілерін жапсырып, тудың бейнесін құрастыруды; күн мен күн шуақтарының үстіне тарыны, қыранның үстіне қарақұмықты желімнің көмегімен жапсыруды үйрету.	<p>ұғымдарының негіздерін қалыптастыру, "оң қол", "сол қол" ұғымдарын тиянақтау. Мүсіндеуден ойын-жаттығулар. "Анама бәліш пісіремін" Міндеттері. Балаларға ермексазды екі кесекке бөліп, бір кесегінен бәліш жасау әдістерін меңгерту</p>	мазмұнымен таныстыру; әңгімедегі көркем сөздерді шынайы айтуға жаттықтыру. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен танысу, қазақ тілі***)	Қабдыкәрім БІдырысовтың «Менің өлкем» өлеңнің мазмұнымен таныстыру; өлең жолдарындағы көркем сөз атауларын шынайы айтуға жаттықтыру.
Серуенге дайындық	<p>Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну туралы анықтау. (қоршаған әлеммен таныстыру) Қауіпсіздік. Қауіпсіздік жайында ескертулер: Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау).</p>				
Серуен	Кешен № 16	Кешен № 17	Кешен № 18	Кешен № 19	Кешен № 20
Серуеннен оралу	<p>Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. «Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.</p>				
Түскі ас	<p>Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу. Астан соң беті-қолды жуу.(мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет)</p>				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка****)	«Үш аю» ертегісін оқып беру. (тіл дамыту және көркем әдебиет)	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдайды. (музыка****)	«Жеті лақ» ертегісін оқып беру. (тіл дамыту және көркем әдебиет)	«Бауырсақ» ертегісін оқып беру. (тіл дамыту және көркем әдебиет)
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	<p>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі**)</p>				
Бесін ас	<p>Алдына қойған асқа назар аударту; тамақтану мәдениетіне баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>				

<p>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)</p>	<p>Сюжетті-рөлдік ойын. «Шаштараз». (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі***) Міндеттері. Балаларды шаштараз ойынымен таныстыру, шаштарын үнемі тарақпен тарап, әдеміленіп жүруді үйрету.</p>	<p>«Әділеттілік - адамгершілік». "Дұрыс па, бұрыс па?" жаттығуы. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, музыка****) Міндеттері. Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, жанашырлыққа үйрету Вариативті компонент. «Қызықты математика» «Суреттерді құрастыр» 1 Міндеттері. Талдау және біріктіру қабілетін, кеңістік арақатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту</p>	<p>Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар. "Тазы". Міндеттері. Үй жануарларының өмір сүру ерекшеліктеріне сай бір-бірінен ажыратуды үйрету.</p>	<p>Вариативті бөлім «Бала тілін дамыту» Дауысты, дауыссыз дыбыстар. Тіл жаттығуы «Ағайынды аралар» Міндеті: Дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы түсінік беру. Олардың ерекшеліктерін түсіндіру</p>	<p>Вариативті бөлім «Суреттерді құрастыр» Міндеті: Талдау және біріктіру қабілетін, кеңістік арақатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту Балаларға кез-келген кесілген суреттер таратылады да, осы суреттерден бүтін суреттер құрастыру керектілігі түсіндіріледі әр түрлі суреттер: жемістердің, көкөністердің ердің немесе ойыншықтардың суреттері</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Әминамен Артикуляциялық жаттығу Аюдың тапсырмасы артикуляциялық жаттығу жасау. 1) Ян - ян - секендеген ақ қоян, Ю - ю - ю - қорбандаған аю. Кі - кі - кі – бұл айлакер түлкі, Қыр - қыр - қыр - бұл көкжал қасқыр.</p>	<p>Шадиярмен Дидактикалық ойын. «Не артық?» Міндеттері. Жемістер мен көгөністерді бір-бірінен ажыратуды үйрету.</p>	<p>Айкөркеммен «Сиқырлы қапшық» Міндеттері. Заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруды, топтастыруды үйрету. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру, қазақ тілі***)</p>	<p>Айлинмен «Кел, жазайық.» Міндеттері. Тиянақтылыққа, көркем жазуға, қалам ұстауға үйрету. Үзік сызықтарды салу білігін бекіту. (тіл дамыту және көркем әдебиет)</p>	<p>*****Мөдемен «Дәл осындай пішінді тап». Міндеттері. Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауды, ажыратуды, салыстыруды жаттықтыру. (тіл дамыту және көркем әдебиет, математика негіздері, қазақ тілі***)</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				
<p>Серуен</p>	<p>Күндізгі бақылауды жалғастыру</p>				
<p>Серуеннен оралу</p>	<p>Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Жинақы ма келбетін. (Д.Ахметова) «Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.</p>				

Кешкі ас	Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу. Астан соң беті-қолды жуу.(мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет)				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.</p> <p>Міндеттер. Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту.(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі***)</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка****)</p> <p>Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.</p> <p>Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)</p> <p>Міндеттер. Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу.</p> <p>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру)</p> <p>Міндеттер. Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру.</p>				
Балалардың үйге қайтуы	«Бала қауіпсіздігі басты назарда» ата-аналармен кеңестер жүргізу.	Балалардың тәртібі жайлы әңгімелесу.	«Бала неге тіл алмайды?» тақырыбында әңгімелесу.	«Отбасында отансүйгіштікке тәрбиелеу» туралы ата-аналармен әңгімелесу.	Ата-аналар жиналысы: «Отбасы — тәрбие бастауы».

Тәрбиеші: Жақыпова А, Сексембаева А

Әдіскер:  Серикбаева Г.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Мектепке дейінгі ұйым (білім беру ұйымының атауы: № 4 «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Топ: ересек топ «Айгөлек»

Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 29.09 - 03.10.2025ж.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Барымыз да, бағымыз да – Тәуелсіздік (Қасым-Жомарт Тоқаев)					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. «Күй күмбірі» Күйді қосып, балаларды қарсы алу. (музыка****)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	«Жеке бас тазалығының негізгі ережелері», «Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыптарында әңгіме жүргізу.	«Отбасымен бірге серуенге шығу» тақырыбында көрме ұйымдастыру.	Жоба: "Жомарт күз" тақырыбында көрме ұйымдастыру.	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	"Баланың серуенін қалай ұйымдастырамыз?" тақырыбында ата-аналарға кеңес беру.
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	<p>«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындаймыз". Міндеттері. Тапсырылған іске жауапкершілік сезімдерін дамыту, балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды тиянақты жинауға дағдыландыру; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру. «Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы. Міндеттер: Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка****) Саусақ жаттығуы. Міндеттері. Көркемсөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Жалғыз саусақ тіпті де, Ұстай алмас жіпті де. Екі саусақ бірікті, Ине қолға ілікті. Үш саусағым орамды, Жүгіртеді қаламды. Өнерлі екен он саусақ!</p>				

	Қала салсақ, жол салсақ. (тіл дамыту және көркем әдебиет)				
Ертеңгілік жаттығу	Жаттығу кешен № 3				
Таңғы ас	Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу. Астан соң беті-қолды жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет) «Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Біз ақылды баламыз, Айтқан тілді аламыз. Тамақ ішер алдында Тып-тыныш отырамыз!				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау. "Аналар мектебі": Балалар кітапханасы: күз мезгілі туралы суреттер көрмесі. Балалар кітапханасы: күзгі бақтардың суреттер альбомы; Абайдың, М.Мақатаевтің, М. Әлімбаевтің, С. Сейфуллиннің күз туралы өлеңдерін оқу. "Күй күмбірі": "Бозинген" - Сүгір (Жанғали Жүзбай) «Өнегелі тәрбие»: Табиғат және қоршаған әлем. Тақырыбы: «Айналамыздағы табиғат». Мақсаты: табиғатқа және қоршаған әлемге ұқыпты қарауға тәрбиелеу.				
	Күз мезгілі және ерекшеліктері жайлы әңгімелесу. (тіл дамыту және көркем әдебиет)	«Қылқалам ханшасы». Жер-Ана, саған мың алғыс, Сыйлайсың бізге қуаныш. Жазда, күзде, қыста да, Көркемсің көктем тұста да! Шеңберге тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады.	Алтын күз туралы әңгімелесу. (тіл дамыту және көркем әдебиет)	Жапырақтар туралы әңгімелесу. (тіл дамыту және көркем әдебиет)	Сәлем саған, ыстық жерім! Сәлем саған, туыс елім! Ыстық маған ошақ үйім, Домбыраның қоңыр күйі! Бір-біріне жылулық сыйлап, достық туралы, топтың ережесі туралы әңгімелесу. (тіл дамыту және көркем әдебиет)
Кестеге сәйкес ҮІӨ	Музыка "Ару күз" Міндеттері. Балалардың музыканы тыңдай білуге қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп, бірге айта білу қабілетін	Дене тәрбиесі "Саршұнақтай жылдам болайық". Міндеттері. Балаларды қатарда бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; ілулі	Дене тәрбиесі "Күздің қызықтары". Міндеттері. Балаларға жүруді секірумен кезектестіруді үйрету; басқа қап қойып, заттарды аттап өтуді үйрету.	Музыка "Күз". Міндеттері Балаларды күз туралы әнді тыңдай отырып, оның сын-сипатын ажыратуды үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп, бірге айта білу қабілетін	Дене тәрбиесі "Күзгі жолдар үстіндегі ойындар". Міндеттері Балаларды кішкентай және үлкен кадаммен жүгіру; көлденең тактайда еңбектеуді үйрету.

	<p>қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру.</p> <p>Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар.</p> <p>"Күз туралы тақпақты құрастыру".</p> <p>Міндеттері Балалардың ұғымдарында тақпақ пен өлең туралы негізгі түсініктерді қалыптастыру, көркемсөз үлгісінің қара сөзден айырмашылығын түсіндіру; *****"күз мезгілі" ұғымына жататын табиғаттағы өзгерістер мен құбылыстарды пысықтау.</p> <p>Жаттамақ жаттығуы. "Күз суық, сары көйлекті". (тіл дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Балалардың көркем шығарманы есте сақтауға ынталандыру, сөйлеу қабілетін дамыту.</p>	<p>тұрған заттың басына тию арқылы жоғары секіру және допты аяқты қайшылап отырып-тұрып домалату дағдысына үйрету; қатарда жүріп келе жатып, педагогтің белгісі бойынша тоқтау және педагог белгісі бойынша жүгіру дағдыларына үйрету;</p> <p>Қазақ тілі</p> <p>"Күз мезгілі. Алтын күз".</p> <p>Міндеттері Балалардың "күз" жайлы түсініктерін дамыту; "алтын күз" сөзінің мағынасын түсіндіру; "Кім? Не?" сұрақтарына жауап беретін зат есімдер, "Не істейді?" сұрақтарына жауап беретін етістікті сөздер жайлы негізгі түсініктерін қалыптастыру.</p> <p>Мнемокарточкаларға негізделген сөздік жұмыс.</p> <p>Құрастырудан жаттығулар</p> <p>"Күзгі ағаштар".</p> <p>Міндеттері , Балаларды асқабақ тұқымдарын ағаш қимаүлгісінің үстіне жапсырып, күзгі ағаштардың суретін құрастыруды үйрету; балалардың құрастыру түрлерімен жұмыс істеу іскерліктерін жетілдіру; ағаш трафаретін қағаз бетіне</p>	<p>Математика негіздерінен ойын-жаттығулар.</p> <p>"Күзгі жапырақтар шоқтары".</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балалардың ұғымында заттардың бірден төртке дейінгі сандарға сәйкес жиындары туралы түсініктерін қалыптастыру.</p> <p>Дамытушы жаттығу.</p> <p>"Күзгі бояу".</p> <p>Міндеттері. Табиғаттағы күзгі түстерді атауды, бір-бірінен ажыратуды үйрету.</p> <p>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)</p> <p>Дидактикалық ойын.</p> <p>"Қай ағаштың жапырағы?"</p> <p>Міндеттері. Таныс ағаштардың жапырақтарын ажырату және атау. (қоршаған әлеммен таныстыру тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)</p>	<p>қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін арттыру.</p> <p>«Қаржылық сауаттылық».</p> <p>Ақшамен таныстыру: сыртқы түрі мен пайдаланылуы. (қоршаған әлеммен таныстыру, математика негіздері, жапсыру)</p> <p>Міндеттері. Ақша туралы бастапқы түсініктер беру; 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, «қанша?», «барлығы қанша?», сұрақтарына жауап беруге үйрету; ақша белгілерімен таныстыру; ақша не үшін қажет екенін түсіндіру — айырбастау құралы; ақшаға не сатып алуға болатынын анықтау.</p> <p>Балаларға ақша үлгілерін көрсету, қарастыру; ересектер еңбек етіп табатынын түсіндіру.</p> <p>Ақшалардың суретін жапсыру.</p>	<p>Сурет салудан ойын-жаттығулар.</p> <p>"Күзгі саябақтағы жапырақтардың түсуі"</p> <p>Міндеттері. Балаларды жапырақ пішінін қою бояумен бояу және қағаз бетіне бедерін басу техникасымен таныстыру; жапырақтың бетін күздің ашық бояуларына араластырып бояп, қағаз бетіне басып, жапырақтың нақтылы ізін қалдыруға дағдыландыру.</p> <p>Дамытушы жаттығу. "Бұл қандай ағаштың жапырағы?"</p> <p>Міндеттері. Ағаштардың атауларын жапырақтарына қарап табуды үйрету. Зейін, еске сақтау, сөйлеу қабілетін дамыту.</p> <p>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру, сурет салу)</p>
--	--	---	---	---	--


		бастырып, қайшымен қиып алу іскерліктерін дамыта отырып, қайшымен жұмыс істегенде қауіпсіздік ережелерін сақтауды үйрету.			
Серуенге дайындық	<p>Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну туралы анықтау. (қоршаған әлеммен таныстыру)</p> <p>Міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> - киімді дұрыс бүктеу, орнына ілу, аяқ-киімді түзу қоюды әдетке айналдыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киінуді (шешіне) дағдыға енгізу; - шкафқа ілінген немесе қойылған бас киім, сырт киім, аяқ киім сияқты заттарды өз орындарына ғана қою, тәртіп сақтауға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінуге үйрету, киімді, аяқ киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсетуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) <p>Қауіпсіздік. Қауіпсіздік жайында ескертулер: Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау).</p>				
Серуен	Кешен №1	Кешен №2	Кешен №3	Кешен №4	Кешен №5
Серуеннен оралу	<p>Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p> <p>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу.</p> <p>Бетім мен қолды, Оң қол мен солды, Сабынмен жуа білемін. Сол себептен таза жүремін. Ұнатамыз тазалықты, Ұстанамын осы қылықты. (Д. Ахметова)</p> <p>«Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.</p>				
Түскі ас	<p>Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу. Астан соң беті-қолды жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Біз ақылды баламыз, Айтқан тілді аламыз. Тамақ ішер алдында Тып-тыныш отырамыз!</p>				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту.	«Айна» ертегісін оқып беру, балаларды ұйықтату. (тіл	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге)

	«Қоянның үйшігі» ертегісін оқып беру. (тіл дамыту және көркем әдебиет~	дамыту және көркем әдебиет)	арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Әлем ғажабы» ертегісін тыңдату. (тіл дамыту және көркем әдебиет)	арнайы сөреге) қоюды үйрету. Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба». (музыка****)	қоюды үйретуді жалғастыру. «Әнші бай» ертегісін тыңдату. (тіл дамыту және көркем әдебиет)
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Тыныс алу жолдарын шынықтыру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі**)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; тамақтану мәдениетіне баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар "Жапырақтар әлемі". Міндеттері .Балаларға күз туралы ұғым беру; күзгі әлем кереметтерімен таныстыра отырып, танымдық қызығушылықтарын арттыру. «Қаржылық сауаттылық». «Ақша жинақтайтын сандықша» дидактикалық ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, математика негіздері) Міндеттері: балалардың ақша туралы түсініктерін кеңейту. Материалдар: ақша жинайтын сандықша, монеталар.. Мүсіндеуден ойын-жаттығулар. "Саңырауқұлақтар".	«Қызықты математика » (вариатив) «Жемістерді жина Міндеттері. Қалыпты көлемдегі заттарды берілген үлгіге қарай көз мөлшермен анықтауды дамыту "Шәйнектен қандай сұйық құйылды?" жаттығуы. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Міндеттері. Балаларды суреттердегі шәйнектерге қарап, әрқайсында шәйнектен кесеге қандай сұйық құйылып жатқанын анықтауға дағдыландыру; түстерді қабылдау, ой-қиял, сөйлеу қабілеттерін дамыту. "Қуыршақты далаға	Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар. "Алтын жапырақ". Міндеттері. Балаларды күз маусымының өзгерістерімен таныстыру. Дидактикалық ойын. "Жапырақтарды түсіне қарай топта". Міндеттері. Заттарды түстеріне қарай топтастыруды үйрету. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Үш табан» ойыны. (дене тәрбиесі) Міндеттер. Балаларды мергендікке, шыдамдылыққа,	«Бала тілін дамыту» (вариатив) Күз кереметі. Жемістер. Саусақ жаттығуы «Саңырауқұлақ» Міндеттері Сурет бойынша әңгіме құрастыру. Жемістердің аттарын атап, ажырата білу. Жемістер туралы өлең үйретіп, жұмбақтар шешкізу арқылы сөздік қорларын толықтыру «Қандай пішіндер жасырынды?» дамытушы жаттығуы. (математика негіздері) Міндеттер. Балалардың түстер мен пішіндерді қабылдауын; зейін, ойлау, сөйлеу	«Әділеттілік - адамгершілік». "Дұрыс па, бұрыс па?" жаттығуы. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, музыка) Міндеттері. Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, жанашырлық танытуға, әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтауға, әділ әрекетті қолдауға, әділетсіз әрекетті мойындауға (кешірім сұрауға), әділ пікірін білдіруге баулу, әділдікке тәрбиелеу. Балалардың өміріндегі (жақында болған) немесе көркем шығармада болған оқиғаны талқылау; әділетті шешімге келу жаттығуы. Оқиға бойынша әділ шешім қабылдау үшін жағдайды

	<p>Міндеттері. Екі бөлшектен тұратын заттарды, оларға тән пішіндерін бере отырып, сомдау біліктерін нығайту; жұмыс кезінде қырнауышты дұрыс пайдалануды үйрету.</p>	<p>киіндірейік" ойыны. Міндеттер. Балаларға жылдың әр маусымына әртүрлі киім киілетінін түсіндіру, киім атауларын дұрыс айтуды үйрету, киім түрлерінің жалпылама атауларын білдіретін «киім», «аяқ киім», «сырт киім» түсініктерін бекіту, басқаларға қамқор болуға тәрбиелеу. Құрал-жабдықтар: қуыршақтар, жылдың барлық мезгіліне арналған киім (жаз, қыс, көктем және күз үшін), киім шкафы, орындық.</p>	<p>ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолдан-қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру.</p>	<p>қабілеттерін дамыту. Құрал-жабдықтар: көлемдері бірдей геометриялық пішіндердің түрлі түсті модельдері: үшбұрыш, дөңгелек, шаршы. ***** Балалардың түстер мен пішіндер туралы білімдерін жетілдіру</p>	<p>балалар өздері таңдайды немесе педагог ұсынады. Әділетті шешім үшін балаларға таныс көркем шығармадан мысал келтіру (немесе жаңаны оқып беру), әйгілі мақал-мәтелді қолдану, әйгілі әнді бірігіп айтуды ұсыну.</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>*****Арнұрмен Саусақ жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі*****) Міндеттер. Балаларға саусақ жаттығуларын жасату арқылы қолдың ұсақ моторикасын дамыту..</p>	<p>Аселмен «Суретінен таны» ассоциациялар бойынша сөздік жаттығу. Міндеттер. Балаларға суретте бейнеленген іс-қимылды сөзбен айтып беруді үйрету. Құрал-жабдықтар: адамның әртүрлі іс-қимылын білдіретін карточкалар. —</p>	<p>Әлинұрмен Дидактикалық ойындар. "Геометриялық пішіндер". Міндеттері. Балаларға біреуі артық немесе кем санды тауып айтуды үйрету. Көрнекілік. Ою-өрнектер, геометриялық пішіндер салынған карточкалар жиынтығы, геометриялық пішіндер. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p>	<p>Бабырмен Саусақ жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Міндеттер. Балаларға саусақ жаттығуларын жасату арқылы қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</p>	<p>*****Мөдемен Артикуляциялық жаттығу. Аюдың тапсырмасы артикуляциялық жаттығу жасау. 1) Ян - ян - секеңдеген ақ қоян, Ю - ю - ю - қорбандаған аю. Кі - кі - кі – бұл айлакер түлкі, Қыр - қыр - қыр - бұл көкжал қасқыр. 2) Ыр - ыр - ыр - ырылдайды қасқыр, Р а - ра - ра - бал жинайды ара, Мір - мір - мір - қап-қара көмір. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				

Серуен	Кешен №1	Кешен №2	Кешен №3	Кешен №4	Кешен №5
Серуеннен оралу	<p>Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p> <p>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу.</p> <p>«Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.</p>				
Кешкі ас	<p>Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемей. Астан соң беті-қолды жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Біз ақылды баламыз, Айтқан тілді аламыз. Тамақ ішер алдында Тып-тыныш отырамыз!</p>				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.</p> <p>Міндеттер. Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту.(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі***)</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка***)</p> <p>Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.</p> <p>Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)</p> <p>Міндеттер. Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу.</p> <p>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру)</p> <p>Міндеттер. Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру.</p>				
Балалардың үйге қайтуы	«Жеке бас тазалығының негізгі ережелері», «Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыптарында әңгіме жүргізу.	«Отбасымен бірге серуенге шығу» тақырыбында көрме ұйымдастыру.	Жоба: "Жомарт күз" тақырыбында көрме ұйымдастыру.	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	"Баланың серуенін қалай ұйымдастырамыз?" тақырыбында ата-аналарға кеңес беру.

Тәрбиеші: Жақыпова А Сексембаева А

Әдіскер:  Серикбаева Г.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Мектепке дейінгі ұйым: № 4 «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы

Топ: ересек топ «Айгөлек»

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 06.10 - 10.10.2025ж.

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
<p>Отан – біздің ең үлкен анамыз. Әркім Отанына көрсеткен қызметіне жылу дәметпеуі тиіс. Ол – оның азаматтық борышы. (Мұхтар Шаханов)</p>					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	«Баланың денсаулығы үшін дәрумендердің маңызы» тақырыбында кеңес беру.	Отбасында балалардың музыкалық тәрбиесі.	Психолог кеңесі. Мысалы, «Ересектердің балаларға үлгі көрсетуі, саламатты өмір салтын ұстану».	"Баланың агрессивті мінез-құлқы" атты тақырыпта ата-аналарға кеңес беру.	Ата-аналармен балаға ертегі оқудың маңыздылығы туралы әңгімелесу.
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	<p>«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындаймыз"(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары) Міндеттері. Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды таратуға, тиянақты жинауға дағдыландыру; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу. «Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы. Міндеттер: Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка****) "Көкөністі, жемісті танып, атауын ата" дидактикалық ойыны. (қазақ тілі***, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Міндеттері. Өсімдіктерді жіктей білуді дамыту; қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу; балалардың сөздік қорын байыту; денсаулық үшін көгөністер мен жемістердің пайдасы туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру, толық жауап беруге ынталандыру. «Сипаттама бойынша тап» үстел үсті ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру) Міндеттер: табиғи объектілердің (жануарлар, өсімдіктер, балықтар, жәндіктер және т.б.) пайда болуы туралы білімді дамыту және бекіту. Есте сақтауды, сөйлеуді дамыту.</p>				
Ертеңгілік жаттығу	Кешен № 3				

Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	Балалар кітапханасы "Күз сыйы": күз туралы, адамның күз мезгіліндегі еңбегі туралы суреттерді көрсету, әңгімелер мен өлеңдердің оқу (А. Құнанбаев, М. Төрежанов, М. Мақатаев), Қадыр Мырза Әли “Жеміс”. "Күй күмбірі": "Қосбасар - Мүкей" (Мұрат Абылғазин) «Өнегелі тәрбие»: Отбасы және отбасылық құндылықтар. Тақырыбы: «Менің отбасым». Мақсаты: отбасы, отбасылық дәстүрлер мен құндылықтар туралы сөйлесу.				
	"Күз сыйы" тақырыбына әңгімелесу. (танымдық іс-әрекет)	Жемістердің суреттерімен дидактикалық ойындар ойнау, сөздерді буынға бөлу. (танымдық іс-әрекет)	Жұмбақтар жасыру кезегі. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)	"Суретті құрастыр" дидактикалық ойыны. (Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	Балаларда эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, (қарым-қатынас іс-әрекеті)
Кестеге сәйкес ҮІӨ	Музыка "Күзге ән арнайық". Міндеттері: балалардың музыканы тыңдай білуге қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сын-сипатын ажыратуды үйрету.	Дене тәрбиесі "Еңкіс тақтайдың үстімен жүрелеп жүру". Міндеттері. Балаларға сапта дене қалпын тік ұстап, педагогтің белгі беруі бойынша "Тіктел!", "Түзел!", "Тік тұр!" сөздерімен қимылдарды бұлжытпай орындауды үйрету.	Дене тәрбиесі "Тақтайдың үстімен қалай жүреміз?" Міндеттері. Балаларға екі аяқпен секіру (2–3 рет жүрумен кезектестіре отырып, 10 рет секіру); оң және сол қолымен көлденең нысанаға (2–2,5 м қашықтықтан) допты лақтыруды үйрету.	Музыка "Жомарт күз". Міндеттері. Балалардың музыканы тыңдай білу қабілетін арттыру; әнді тыңдай отырып, сын-сипатын ажыратуды үйрету.	Дене тәрбиесі "Гимнастикалық қабырғаға өрмелейміз!" Міндеттері. Балаларға сапта бір-бірден жүгіруді; гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен кезектескен қадаммен өрмелеуді үйрету.
	Тіл дамытудан ойын-жаттығулар. «Көкөністер мен жемістер дауы» әңгімесін мәнерлеп оқу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [о], [ө] дыбыстары". Міндеттері. Балалардың "күз сыйлары", көгөністер мен жемістер, жөніндегі ұғымдарын жетілдіру, [О],	Қазақ тілі "Көкөністер мен жемістерді жинаймыз Міндеттері. Балалардың "күзгі астық", "қысқы дайындық" туралы түсініктерін қалыптастыру.	Математика негіздерінен ойын-жаттығулар. "Кірпілерге жемістер". Міндеттері. Балаларды өздерінің қарсы алдындағы кеңістіктің "оң жақ", "сол жақ", "алды", арты" бағыттары	Сурет салудан ойын-жаттығулар. "Жемістер". Міндеттері. Балаларға қылқалам арқылы алма мен алмұртты бейнелеуді үйрету, дөңгелек және сопақша пішіндерді қылқаламның ұшымен салып, ішін баланың өзі қалаған қызыл, жасыл	Мүсіндеуден ойын-жаттығулар. "Жемістер". Міндеттері. Балаларды жемістердің негізгі пішінін келтіруге үйрету; алма, алмұртқа тән ерекшеліктерді беру, бөлшектерді саусақтың және қырнауыштың көмегімен келтіре отырып,

	[Ө] дауысты дыбыстар жөнінде ұғымдар қалыптастыру; ***** Көкөністер мен жемістерді ажыратуға үйрету	Жапсырудан ойын-жаттығулар, "Бұтақтағы алмалар". Міндеттері. Балаларға алма мен жапырақ дайындамаларын қағаз бетіне жапсыруды үйрету. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» "Тақия тастамақ" ұлттық ойыны. (дене тәрбиесі) Міндеттері. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату; ереже бойынша әділ ойнауға үйрету; дене координациясын, кеңістікті бағдарлау қасиеттерін дамыту;.	жөніндегі ұғымдарын қалыптастыру.	немесе сары бояулармен, сұлбасының шетіне шықпай салу тәсілдерін игерту. *****, дөңгелек және сопақша пішіндерді ажырату отырып, қылқаламмен салуға үйрету	екі қолмен мүсіндеуге дағдыландыру; ***** бөлшектерді мүсіндеуге дағдыландыру;
Серуенге дайындық	Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну туралы анықтау. (қоршаған әлеммен таныстыру) Қауіпсіздік. Қауіпсіздік жайында ескертулер: Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау).				
Серуен	Кешен № 6	Кешен № 7	Кешен № 8	Кешен № 9	Кешен № 10
Серуеннен оралу	Серуеннен оралу кезінде Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. «Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау.(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытады.	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.	Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. "Түлкі мен қоян" ертегісін	Өз төсектерін салуды біледі. Аудио тыңдау Ж.Байырбекваның «Бесік

	Аудио тыңдау М.Беспаевтің орындауындағы ән «Әлди, әлди әні». (музыка****)	үйренеді. Алтын сақа ертегісін оқып беру. (тіл дамыту және көркем әдебиет)	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка****)	оқып беру. (тіл дамыту және көркем әдебиет)	жыры» әні. (музыка****)
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жолдың бойымен жүру.«Қайық». Төсекте ішпен жату, қолды иекке қою, жартылай тұру, оңға-солға тербелу.«Кемпірқосақ». Төсекте арқамен жату, ауада шеңберді аяқпен сызып жасау.«Тышқандар». Массажды кілемшеде аяқтың ұшы және өкшесімен айналдыру.(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекеті, дене тәрбиесі**) «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: "Төсектерді төсеуде (жинауға) күтушіге көмек көрсету". (еңбек дағдылары, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар) Міндеттер: балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау, ересектерге қол жетімді көмек көрсетуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; тамақтану мәдениетіне баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті- рөлдік, үстел үсті- баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс- әрекеті, кітап қарау және басқалары)	"Жалпы атауын бер" үстел үсті ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Міндеттер: балаларды бірнеше объектіні, затты ортақ белгісі, қасиеті бойынша жіктеп, біріктіріп, топтаманы дұрыс атай білу дағдыларын жетілдіру; сөздік қорларын байыту;	Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар. "Алма". Міндеттері. Балаларды "Алма" ертегісінің мазмұнымен таныстыру, ертегіні мұқият тыңдауды үйрету. Адалдық әліппесі «Шындықты айт» Мақсаты: Оқиғадағы шындық пен өтірікті табуға үйрету. Құрал-жабдықтар: Сюжеттік қысқа әңгімелер. Ойын барысы: Тәрбиеші әңгіме айтады. Балалар шын мен өтірікті ажыратады. Вариатив. «Қызықты математика» «Үлкен-кіші»	Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар. "Жемістер". Міндеттері. Балаларды жемістің бірнеше түрімен таныстыра отырып, оларды өсіру тәсілдері туралы түсініктерін кеңейту.	Вариатив. «Бала тілін дамыту» Сөз. Сөз тіркестері. Саусақ жаттығуы «Құлпы» Міндеттері. Сөз туралы алған білімдерін бекіту. Қол жаттықтыру жұмыстарын жүргізу Құқықтық сауаттылық «Әділ шешім» Мақсаты: Жағдайды талдап, шешім қабылдау. Құрал-жабдықтар: Сюжеттік суреттер. Ойын барысы: Жағдай ұсынылады: «Екі бала бір ойыншықты қалады». Балалар әділ шешімін ұсынады.	Театрды сахналау. (тіл дамыту және көркем әдебиет) "Қасқыр және жеті лақ" ертегісінің желісін саусақ театры арқылы сахналау. Қаржылық сауаттылық «Банк» сюжетті-дидактикалық ойын Міндеті: банк жұмысымен таныстыру, банкте жұмыс істейтін қызметкерлер және банкте жүргізілетін операциялар туралы әңгімелеуге үйрету. Материал: ойыншық ақша: монеталар мен банкноттар. Ойынға арналған құрал-жабдықтар.

		Түстер туралы білімдерін бекіту, заттарды көлеміне қарай айыра білуге үйрету. Үлкен-кіші, ұқсас емес деген сөздерді қолдана отырып, зейінін, есте сақтауын, ойлауын дамыту			
Балалармен жеке жұмыс	Әсел «Сиқырлы суреттер». Ойынның міндеттері: балалардың логикалық ойлау қабілетін, есте сақтау, зейін, қабылдау үрдістерін дамыту.	***** Арнұр Дидактикалық ойын. «Жеміс-жидектерді ажырат». (қоршаған әлеммен таныстыру) Міндеттері. Жемістер мен көгөністерді бір-бірінен ажырата білу, ойлау қабілеттерін дамыту.	Айкөркем Сюжетті суреттерді табиғи түстерді пайдалана отырып бояу. (сурет салу)	Әлинұр «Таныс пішіндер доминосы». (математика негіздері) Ойынның міндеті: геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту; көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру.	Арман Кел, жазайық. Міндеттері. Тиянақтылықты, көркем жазуды, қаламды дұрыс ұстауды үйрету. Үзік сызықтарды салу білігін бекіту.
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сұрту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Күндізгі серуенді жалғастыру				
Серуеннен оралу	Серуеннен оралу кезінде Жуыну әні(мәдени-гигиеналық дағдылар) Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. « Үнемділік ». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.				
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті)				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар),	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту.(коммуникативті дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі***) Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка****) Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)				

